- компьютерде «Arduino Uno» бағдарламасымен қажетті датчиктерді қолдана отырып, LCD дисплей экранында резервуардағы газ бен ылғалдылықтың деңгейі мен температурасы туралы мәліметтер көрсетілді.

Әрі қарай команда «Қолжетімді биогаз» өнімін алды. Дайын биомассадан метан газы (табиғи газ) алынды. Алынған газ арнайы резервуарға жиналды. Газдан бөлінетін сұйықтықтың концентраты арнайы ыдыста жиналады. Пайдаланушыға берілетін газды кран арқылы пайдалануға болады.

The “Abay Energy” team submitted a project named «Accessible Biogas” to the Competition.

The key priority of this project is demonstrating the advantages of alternative energy sources that are environmentally friendly, including biogas energy.

The biogas plant, or bioreactor, produces biogas. Biogas is a combustible gas produced by methane breakdown of organic waste in solid and liquid form. Cattle, horses, sheep, goats and poultry droppings are the main sources of biogas feedstock. The latter is used in fuel accounting. Carbon dioxide produced during the process of opening and decomposition of organic waste is absorbed into the atmosphere and affects its reproduction.

This source of raw material is free and inexhaustible. It contains 55-65% methane and 35-45% carbon dioxide.

This team conducted a series of practical tests, which included:

- gathering the necessary equipment (biomass, special vessel, tube, faucet, tank (rubber));
- transportation to the chemical laboratory of the turf and cattle urine collected from the residents of the village in a special vessel;
- the data on the level quantity and temperature of gas and humidity in the tank were displayed on the computer by the program “Arduino Uno” with the help of necessary sensors on the LCD screen.

Subsequently, the team received products of “Affordable Biogas”. Methane gas (natural gas) was obtained from the finished biomass. The gas extracted was collected in a special tank. The concentrate of the liquid released from the gas is accumulated in a special vessel. The gas delivered to the operation can be used by the user through a tap.



Қажетті жабдықты жинау



Биогазды дайындауға арналған шикізатты жинау



Процесті компьютердің көмегімен бақылау



Алынған өнімді сынау

«Абай Energy» командасы зерттеуді аяқтау кезінде жобаның нақты масштабтағы макетін әзірледі; ауқымды қолдану үшін «Arduino Uno» платформасында «Қолжетімді биогаз» жобасының коды жазылды; дәстүрлі мал шаруашылығымен айналысатын Абай облысы Үржар ауданы Науалы ауылының (Усатова көшесінің тұрғындары) тұрғындары үшін биогаз қондырғысының қажетті көлемі, сондай-ақ биогаз анықталды.

Жобаны іске асыру кезінде команда барынша қолжетімді материалдар мен жаңа технологиялар пайдалануды жоспарлап отыр.

At the moment of the research completion, the team of **“Abay Energy”** has designed the project layout in real scale; for large-scale application the code of the project “Available biogas” on the platform “Arduino Uno” has been written down; for the residents of Naualy village (residents of Usatova street) of Urjar district of Abaj region, engaged in traditional animal husbandry, the necessary volume of biogas plant has been determined, as well as biogas.

In project implementation, the team plans to use the most available materials and the latest technologies.

«Energy life» командасы байқауға «Экомикрогринді топырақсыз өсіру» жобасын ұсынды.

Микрогрин – пайдалы микроэлементтер мен дәрумендерге толы суперфуд, экологиялық таза әрі пайдалы өнім. Бұл 14 күн ішінде өнетін өсімдіктердің жас өскіндері. Бұл кезеңде өсімдіктер ең жоғары тағамдық құндылыққа ие. Микрожасылдар ең жылдам және микроэлементтерге бай тағамдық дақыл болып табылады және салаттар мен әртүрлі тағамдарға қосылады, бұл оларды пайдалы әрі дәмді етеді.

Микрожасылдар табиғи және мүлдем қауіпсіз тағам. Микрожасыл өсіру жобасы – бұл асжапырақ, қышатүс, насыбайгүл және тағы басқа әртүрлі өсімдіктердің жас өскіндерін алғашқы шынайы жапырақтары бар даму сатысында өндіруге бағытталған жоба. Жоба экологиялық және экономикалық тұрақтылық қағидаттарына негізделген.

Тұтастай алғанда, микрожасылдарды өсіру жобасы тамақтану, азық-түлікпен қамтамасыз етудің тұрақтылығы, экологиялық тиімділік және даму мәселелерін шешуге ықпал ете алады, бұл оны қазіргі тамақ өнеркәсібінде маңызды әрі перспективалы етеді.

«Energy life» командасы зерттеуді аяқтау кезінде Instagram әлеуметтік желісінде «Атырау микрожасылдары» (@microzelen_energylife06) жобасының парақшасын ашты, оның көмегімен команда дайын өнімді сатумен айналысады; микрожасылдарды өсіру және оны сату көлемін ұлғайтты; бастапқы клиенттер базасын қалыптастырды.

The team **“Energy life”** presented the project “Growing micro green without soil”.


The micro green is super food, ecologically clean and healthy products full of useful microelements and vitamins. These are young sprouts of plants that germinate within 14 days. At this stage, the plants have the highest nutritional value. The micro greens are the fastest and richest in micro-elements food culture, and added to salads and various dishes it makes them healthier and tastier.

The micro greens represent a natural and absolutely safe food. The micro greens project is a project focused on the production of young sprouts of various plants, such as spinach, arugula, basil and others, at the stage of development with the first real leaves. The project is founded on the principles of environmental and economic sustainability.

The microgreens project as a whole can contribute to solving problems related to nutrition, sustainability of food supply, environmental efficiency and development, which makes it significant and promising in the modern food industry.

The **“Energy life”** team at the time of completion of the study opened a page of the project “Microgreens Atyrau” (@microzelen_energylife06) in the social network Instagram, which the team uses to sell finished products; have increased the volume of microgreens cultivation and its sales; have formed an initial base of permanent customers.

Student Energy Challenge-Junior



Микрожасылды өсіру мен күтім жасау процесі

Жобаның Instagram әлеуметтік желісіндегі парақшасы

«Альянс» командасы байқауға «Шаң жинағыш және ауа тазартқыш» тақырыбындағы жобамен шықты.

Бұл жобаны команда өздері оқитын колледж студенттерінің одан әрі түрлі жұмыстарды орындау бойынша практикалық сабақтарда, мысалы дәнекерлеу кезінде қолданулары үшін әзірлеген. Команда қатысушылары ауа тазартқыш функциясын қатар орындайтын шаң жинағыштың моделін жасап шыққан болатын.

«Шаң жинағыш-ауа тазартқыш» бұйымының өзін команда қолда бар материалдардан жасаған.

- Өнімнің корпусы – тағамдық пластикалық контейнер. Оны пайдалану өте ыңғайлы, жақсы тазартылады, бағасы арзан. Сынып қалған жағдайда жаңасымен ауыстыру да оңай. Контейнердің көлемі ауаны тазарту ауданына байланысты таңдалады.

- Мақта дәке сүзгілері, бұл да қымбат емес және қоршаған ортаға зиян келтірместен жойылуы керек, оны да оңай ауыстыруға болады.

- Қуаттау блогы.

- Процессорға арналған кулер (ластанған ауаны шаң жинағышқа тарту қызметін атқарады).

- Түйме (іске қосу қызметін атқарады).

Қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, бұйымның жоғарыда аталған компоненттерін қолдану жобаны орындау мен өнімді одан әрі пайдалану процесінде материалдардың адам ағзасына зиянды әсерін болдырмайды.

Аспаптың жұмыс принципі мынадай: ауа пластикалық ыдыстың ішіне медициналық дәке мен ас үй губкасы арқылы тартылады, олар үлкен шаң бөлшектерін, шашты және басқа да ластаушы заттарды ұстайтын сүзгілер ретінде қызмет етеді. Содан кейін ауа суық су толтырылған кулер арқылы өтіп, ол жерде ауа қосымша салқындатылады әрі ылғалданады. Содан кейін тазартылған әрі ылғалданған ауа контейнердегі тесік арқылы сыртқа шығарылады.

The team “Alliance” participated in the Competition with the project “Dust collector and air cleaner”.

This project was elaborated by the team for further application by the students of the college, where the guys themselves study, in practical classes on the performance of various works, for example, soldering. The team members developed a model of dust collector, which in parallel performs the function of air purifier.

The team made the product “Dust collector-air cleaner” from improvised materials.

- The housing of the product is a food plastic container. It is very convenient to use, well cleaned, inexpensive in its cost. The size of the container is also chosen depending on the area of air purification.

- Filters made of cotton marl, which is also not expensive and can be disposed of without environmental damage, can also easily be changed.

- Power supply.

- CPU cooler (used to draw contaminated air into the dust collector).


- Button (serves to trigger the unit into operation).

The application of the above-mentioned components of the product with observance of safety rules excludes the hazardous impact of materials on the human body in the process of project implementation and further use of the product.

The operating principle of the device is as follows: air is sucked inside the plastic container through medical marl and kitchen sponge, which serve as filters, retaining large dust particles, hair and other contaminants. Afterwards, the air passes through a CPU cooler that is filled with cold water, where the air is further cooled and humidified. The cleaned and humidified air is then exhausted through an opening in the container.

«Альянс» тобы зерттеуді аяқтау кезінде жобаны жаңартып, аспаптың функционалдығы мен сыртқы түрін жақсартты; аспаппен жұмыс істегеннен кейін үй ішіндегі ауа сапасының жақсарғанын растайтын ауа сапасы бойынша зерттеулер жүргізді; пайдаланушы үшін аспапты пайдалану жөніндегі нұсқаулықты әзірледі; өнімді жаппай тұтыну үшін іске асыру жоспарын жасады.

The “Alliance” team has upgraded the project, improved the functionality and appearance of the device; conducted air quality studies confirming the improvement of indoor air quality after using the device; developed a user manual for the device; and developed a plan to sell the product to the broader public.



Байқау финалында команда ұсынған құрал



Жаңартылғаннан кейінгі құрал. Ауа тазартқыштың жақсартылған моделі.

3 «Student Energy Challenge» байқауының жетінші маусымы туралы/ The seventh season of the Competition “Student Energy Challenge”

«KAZENERGY» қауымдастығы «Шелл Қазақстан» компаниясымен серіктестікте және оның қаржылық қолдауымен (бұдан әрі – Ұйымдастырушылар) 2017 жылдан бастап ҚР ЖОО студенттері арасында «Student Energy Challenge» зияткерлік командалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізіп келеді.

Ұйымдастырушылар 2023 жылғы 3 сәуірде Байқаудың 7-ші маусымын өткізу туралы анонсты еліміздің жоғары оқу орындарының студенттерін оған қатысуға шақыра отырып, «KAZENERGY» сайтында, әлеуметтік желілерде, жоғары оқу орындарының алаңдарында және т. б. жариялады.

3.1. Байқауға қатысу шарттары және оның кезеңдері/ Requirements for Participation in the Competition and its Stages

Байқауға қатысуға бакалавриат және магистратура бағдарламалары бойынша оқитын 18-25 жас аралығындағы (тіркеу сәтінде) еліміздің жоғары оқу орындарының студенттерінен құралған командалар жіберілді.

Байқауға еліміздің әр жоғары оқу орнынан бірнеше команда қатыса алады. Байқау шарттары бойынша командада екіден төрт адамға дейін болуы керек. Студенттерге командаларды құру кезінде ерлермен қатар әйел адамдардың да байқауға қатысуын қамтамасыз ететін гендерлік тепе-теңдікті сақтау ұсынылды.

Жоғары оқу орындарының студенттік командаларынан өтінімдер келесі байқау бағыттары бойынша қабылданды: энергетика, энергетикадағы жаңа технологиялар, экология және қоршаған ортаға шығарындыларды азайту, қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу және т. б.

Байқауды ұйымдастырушылар тіркеу аяқталғаннан кейін конкурстың 7-ші маусымы оқу орындарын қамту бойынша кең ауқымды және оған қатысуға ниет білдірген командалар саны бойынша бұрын-соңды болмаған көп екендігін хабарлады: ҚР 14 өңіріндегі 21 ЖОО-дан 90 команда қатысуға тіркелген.

Байқау төрт кезеңнен тұрды. Байқаудың бірінші кезеңінде командалар тіркеуден өтті.

“KAZENERGY” Association with cooperation and financial support of “Shell Kazakhstan” (hereinafter referred to as the Organizers) has been holding an intellectual team competition “Student Energy Challenge” (hereinafter referred to as the Competition) for university students of Kazakhstan since 2017 year.

It is announced by the Organizers about the carrying out of the 7th season of the Competition and inviting students of higher education institutions of the country to participate in it on the 3d of April, 2023 on the website of “KAZENERGY”, in social networks, on the platforms of higher education institutions, etc.

Teams represented by university students in the country aged 18 to 25 years (at the time of registration), studying in undergraduate and graduate programs, were allowed to participate in the Competition. Several teams from each university in the country could take part in the Competition.

According to the terms of the Competition, a team should consist of 2 to 4 people. The teams were encouraged to maintain gender balance during team formation.

Applications from student teams from universities were accepted in the following competitive areas: energy, new technologies in the energy sector, ecology and reduction of environmental emissions, waste disposal and recycling, etc.

The Competition organizers announced after the registration was completed that the 7th season of the Competition became the widest in terms of the education institutions coverage and unprecedented in terms of the number of teams willing to participate in it: 21 universities from 14 regions of the Republic of Kazakhstan presented 90 teams.

The Competition was divided into four stages. At the first stage of the Competition, teams were registered.




1. Байқауды жариялау
- www.kazenergy.com
- facebook kazenergy
- instagramm @grant_kazenergy - **Наурыз 2023**
2. Онлайн-тіркеу
- www.kazenergy.com - **03 сәуірден 12 мамырға дейін**
3. Командаларға тіркеу туралы хабарлау – **15 мамырға дейін**
4. Командаларды тіркеу туралы баспасөз релизи – **15 мамыр**



1. Жобалардың паспорттарын әзірлеу – **15 мамырдан 16 шілдеге дейін**
 2. Экономикалық талдау/экология саласындағы кеңесшілердің жұмысы – **15 мамырдан 16 шілдеге дейін**
 3. «Shell NXplorers»* сыни ойлау дағдыларын дамыту бойынша тренингке қатысу – **мамыр-маусым****
 4. Тәуелсіз сарапшылар тізімін жасау – **10 шілдеге дейін**
 5. Байқауды ұйымдастырушының e-mail поштасына қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі жобалардың паспорттарын ұсыну – **16 шілдеге дейін**
- Қазылар алқасының құрамын қалыптастыру – **20 тамызға дейін**



- Тәуелсіз сарапшылардың жұмысы – **20 шілдеден 14 тамызға дейін**
- Байқаудың жартылай финалына командаларды іріктеу – **15 тамыздан 18 тамызға дейін**
- Жартылай финалға өткен командалардың тізімін Ұйымдастырушының және Демеушінің сайтында, әлеуметтік желілерде орналастыру – **19 тамызға дейін**
- Қазылар алқасы мүшелеріне паспорттарды, сараптау қорытындыларын, бағалау парақтарын жіберу – **21 тамыздан 25 тамызға дейін**
- Командалардың бейнепрезентациялармен жұмысы – **19 тамыздан 11 қыркүйекке дейін**
- Жартылай финалға өткен командалардың Шелл менторларымен жұмысы – **тамыз-қыркүйек***



1. ЖОО-ларға жартылай финалға өткен командалардың жобалардың паспорттарын қорғауға қатысуы туралы хаттар жолдау – **5 қыркүйекке дейін**
2. Бейнепрезентацияларды жинау – **15 қыркүйекке дейін**
3. Командалардың жеребе тастауы (онлайн) – **қыркүйек***
4. Конкурс финалын өткізу – **қазан***
5. Жеңімпаз командаларды жариялау – **қазан***
6. Ұйымдастырушының сайтында және әлеуметтік желілерде жеңімпаздар туралы ақпарат орналастыру – **қазан.**

* «Shell NXplorers» тренингін өткізу мерзімі қосымша хабарланатын болады

** өткізу күндері мен мерзімдері шамамен көрсетілген және Байқауды ұйымдастырушылар (Демеушімен келісім бойынша) өзгертуі мүмкін

Тіркеуден сәтті өткен командалар Байқаудың екінші кезеңінде мынадай бағыттар мен тақырыптар бойынша жобалардың паспорттарын әзірлеуге кірісті:

The teams that successfully passed the registration, at the second stage of the Competition they proceeded to the development of project passports in the following areas and topics:

Байқаудың бағыттары мен тақырыптары

1. Энергетика:

- a) Жаңартылатын және баламалы энергетика (жел энергетикасы, күн энергетикасы, гидроэнергетика, геотермалдық және сутегі энергетикасы, биомасса энергиясы және т.б.);
- b) электрмен және жылумен жабдықтау мақсаттарына арналған жаңартылатын энергия көздерінің ауқымы аз жобалары
- c) төмен көміртекті сутегі таза энергия көзі ретінде;
- d) жылумен жабдықтауға арналған баламалы отын түрлері;
- e) атом энергиясын қауіпсіз пайдалану;
- f) көмірді кешенді қайта өңдеу

2. Энергетикадағы жаңа технологиялар:

- a) энергетикадағы энергия және ресурс үнемдейтін материалдар мен технологиялар;
- b) цифрлық мұнай кен орны;
- c) электр энергиясын өндіру, беру және тұтыну кезінде Smart технологияны қолдану (Smart Grid және т.б.);
- d) энергия тиімді ғимараттардың интеллектуалдық технологиялары;
- e) «жасыл көлікті» дамыту (электромобильдер, электромобильдерді қуаттауға арналған станциялар және т.б.);
- f) электр энергиясын сақтау технологиясын дамыту;
- g) табиғи газды пайдалану тиімділігін арттыру.

3. Экология және қоршаған ортаға шығарындыны азайту:

- a) көгалдандыру жобасы (оффсеттік жасыл жоба);
- b) ластаушы заттарды, ағынды суларды ағызуды, қалдықтарды қайта өңдеуді, ауаға, топыраққа, жер үсті және жер асты суларына әсер етуді экологиялық бақылау жүйесі;
- c) парниктік газдардың шығарындылары;
- d) тұрақты су пайдалану (айналымдық сумен жабдықтау, ағынды суларды тазарту, су шығынын азайту).

4. Қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу:

- a) қалдықтарды басқару және қайта өңдеу;
- b) қалдықтарды кәдеге жарату жүйелерін жақсартуға арналған IT технологиялар.

3.2. Командаларға экономика және экология саласында кеңес беру/ Teams Consultation in the Areas of the Economy and Ecology

Байқаудың осы маусымының жаңалығы жобаның экономикалық және экологиялық негіздемесін дайындауда командаларға көмек көрсету үшін экономика және экология саласындағы кеңесшілерді тарту болды. Онлайн оқыту тренингтерінің топтамасы 2023 жылғы 30 мамыр мен 27 маусым аралығында конкурстық тақырыптар бойынша жобалардың паспорттарын әзірлеу бойынша жұмыс істеген командалардың қатысуымен өтті.






A new feature of this season of the Competition was the involvement of consultants in the field of economics and ecology to help teams prepare an economic and environmental feasibility study for the project. A series of online training sessions were held from the 30th of May to the 27th of June 2023 with the participation of teams working on the development of project passports on the competitive themes.

«Astana HUB» Орталық Азиядағы IT-стартаптар халықаралықтехнопаркiнiңсарапшылары–«AstanaHub» бiлiм беру бағдарламаларының директоры, co-founder bilimdi.edu Дәулет Оразбайұлы Беймурзинов, «NURIS» Назарбаев университетiнiң инновациялық кластерi Асылжан Аманжолқызы Упашева, сертификатталған стартаптардың трекерi, Бизнес-инкубатордың басшысы, «Founder Institute Central Asia», «ECOJER» қазақстандық өңiрлiк экологиялық бастамалар қауымдастығының тең директоры, бас директор Рүстем Хайроллаұлы Қабжанов командаларға арналған жобалардың экономикалық және экологиялық негiздемесi бойынша онлайн оқыту тренингтерiн өткiздi.

Онлайн-тренинг оқыту бағдарламалары шеңберiнде қатысушылар жобаның қаржылық бөлiгiн қалыптастырумен, клиенттердi сегменттеумен, бизнес-модель жасаумен және нарық көлемiн қалай есептеу керектiгiмен, бастапқы капиталды қалыптастырумен, стартап-жобаны құрумен, стартап-жобаны iске асырудың барлық кезеңдерiмен танысты, сондай-ақ экология, экологиялық сараптама, экологиялық, әлеуметтiк және корпоративтiк басқару (ESG) және т. б. мәселелердi қарастырды.

The online educational trainings on economic and environmental justification of projects for teams were conducted by experts from the International Technopark of IT-startups in Central Asia “AstanaHUB” - Beymurzinov Daulet Orazbayevich, director of educational programs “Astana Hub”, co-founder bilimdi. edu; Innovation Cluster of Nazarbayev University “NURIS” - Asylzhan Amanzholovna Upasheva, certified startup tracker, Head of Business Incubator, co-director of “Founder Institute Central Asia”; Kazakhstan Association of Regional Environmental Initiatives “ECOJER” - Rustem Kabzhanov, General Director of the Association.

As part of the online training programs, participants got acquainted with the financial part of the project, customer segmentation, business model and calculations of market volume, formation of initial capital, creation of a startup project, startup paths and all stages of startup project implementation, and also considered environmental issues and environmental assessments , environmental, social and corporate governance (ESG), etc.



3.3. «Shell NXplorers» тренинги/ “Shell NXplorers” Training

Байқаудың екінші кезеңіне қатысушы командалар 2023 жылғы 5-6 маусымда «Shell NXplorers» сыни ойлау дағдыларын дамыту бойынша тренингке қатысты. Тренингке қатысушылар саны 150-ден астам адамнан тұратын 79 команданы құрады.



«Shell NXplorers» тренинги қатысушыларға тұрақты шешімдер жасау бойынша құралдар мен әдіснаманы ұсына отырып, инновациялық ойлауды дамытуға арналған.

Екі күндік онлайн-бағдарлама қатысушыларға кешенді міндеттерді шешуге жүйелі көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік берді.

On the 5th - 6th of June, 2023, the competing teams participating in the second stage of the Competition took part in the training on critical thinking skills development “Shell NXplorers”. The Number of participants in the training comprised more than 150 persons from 79 teams.

The “Shell NXplorers” training is dedicated to developing innovative thinking by providing participants with the tools and methodology to create sustainable solutions.

The participants of the two-day online program managed to develop a systematic approach in solving complex problems.



3.4. Жоба паспорттарына тәуелсіз сараптама/ The Independent Expert Review of Project Passports

Байқаудың үшінші кезеңінде командалардың жобалық жұмыстары тәуелсіз сараптамадан өтті, оның қорытындысы бойынша «Student Energy Challenge» байқауының соңғы кезеңіне қатысушы командалар анықталды.

Команда жобаларының паспорттарына тәуелсіз, бейтарап және сараптамалық бағалау жүргізу үшін Байқауды ұйымдастырушылар энергетика, экология және қоршаған ортаға шығарындыларды азайту, қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу және т. б. салалардағы жетекші сарапшыларды тартты.

Командалық жұмыстарға сараптаманы сала мамандары байқау критерийлерін ескере отырып, тиісті бағыттар бойынша жүргізді: тақырыптың өзектілігі, экономикалық және экологиялық негізділіктің болуы, жобаны іске асыру кезінде тұтынушылар тобы және т. б.

Жоба паспорттарына жүргізілген сараптама қорытындысы бойынша 15 команда іріктеліп алынды және Ұйымдастырушылар оларды Астана қаласындағы KAZENERGY XV Еуразиялық форумы аясындағы Байқаудың финалына шақырды.

Осы кезеңде финалист командалар жоба паспорттарының бейне-презентацияларын әзірлеуге кірісті. Жоба паспортының бейне-презентациясын әзірлеу үшін командалар конкурстық қаражат есебінен өнім берушіні тарта алады немесе бейнероликті өз бетінше әзірлей алады. Роликті жасау бойынша өзіндік жұмыс кезінде командаға қосымша 4 балл берілді.

The project works of teams underwent an independent expert review at the third stage of the competition, which resulted in the selection of teams participating in the final stage of the Student Energy Challenge competition.

The Organizers of the competition involved leading experts in the fields of energy, ecology and reduction of environmental emissions, waste management and recycling, etc. to conduct an independent, impartial and expert evaluation of the teams' project passports.

The expertise of team works was carried out by industry specialists in the relevant areas, taking into account the competition criteria: relevance of the topic, economic and environmental feasibility, consumer group in the project implementation, etc.

Upon results of the examination of project passports 15 teams were selected and invited by the Organizers to the finals of the Competition within the XV Eurasian Forum KAZENERGY in Astana.

At this stage, the finalist teams began developing video presentations of project passports. To develop a video presentation of the project passport, teams could attract a supplier through competitive funds or develop a video themselves. When working independently to create a video, the team was awarded 4 additional points.



Байқау бағыттары бойынша финалға өткен командалар:

«Энергетика»:

«No Rival», Нархоз университеті, Алматы қ.
«Nanomech», Назарбаев университеті, Астана қ.
«Дарын», ХИТУ, Алматы қ.

«Энергетикадағы жаңа технологиялар»:

«I2», Astana IT University, Астана қ.
«Алға», ХИТУ, Алматы қ.
«Festival», Yessenov University, Ақтау қ.
«Energy Tech», Назарбаев университеті, Астана қ.
«Young Innovators», КБТУ, Алматы қ.

«Экология және қоршаған ортаға шағырындыларды азайту»:

«Ученые», Дулати университеті, Тараз қ.
«Nova Team», Astana IT University, Астана қ.
«CleanV», ҚБТУ, Алматы қ.

«Қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу»:


«Dream team», С.Өтебаев ат. АТМГУ, Атырау қ.
«SaveOilSpill», Karaganda Buketov University, Қарағанды қ.
«Inspiroy», Назарбаев университеті, Астана қ.
«The green catalyst», әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

3.5. Финалист-командалардың «Шелл Қазақстан» компаниясының менторларымен кездесулері/


“Shell Kazakhstan” Mentors Meetings with the Finalist Teams

Ағымдағы жылғы 12-29 қыркүйек аралығында «Шелл Қазақстан» компаниясының менторлары жобалау жұмыстарын алдын ала қорғауға көмек көрсету үшін финалист командалармен онлайн-кездесулер өткізді.

During the period from September 12 to September 29 of this year Shell Kazakhstan mentors held online meetings with the finalist teams to assist in the pre-defense of project work. The mentor's tasks were to analyze and assess the team's project prospects, help them set goals and develop ways to achieve them, demonstrate their example in the implementation of similar projects, startups, provide psychological support, evaluation and recommendations to the team for further activities (e.g., market entry and project commercialization).



Ментордың міндеттеріне топ жобасының болашағын талдау және бағалау, мақсаттар қоюға және оларға қол жеткізу жолдарын әзірлеуге көмектесу, ұқсас жобаларды, стартаптарды іске асыруда өз мысалын көрсету, психологиялық қолдау, бағалау және командаға одан әрі қызмет ету үшін ұсыныстар беру (мысалы, нарыққа шығу және жобаны коммерцияландыру) кірді.





3.6. Байқаудың финалы және жеңімпаздарды жариялау/ The Competition Finale and Winners Announcement

«Student Energy Challenge» байқауының 7-маусымының финалы 2023 жылғы 5-6 қазанда Астана қаласында Астана, Алматы, Ақтау, Атырау, Қарағанды және Тараз қалаларынан 15 финалист команданың қатысуымен EXPO конгресс-орталығындағы KAZENERGY XV Еуразиялық форумының алаңында өтті.


Байқау финалында командалардың өнер көрсету тәртібі финалдың өзі онлайн-форматта өткізілгенге дейін айқындалды, онда капитандар мен финалист командалардың мүшелерінің қатысуымен Байқау финалына қатысты ұйымдастыру мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

The 7th season Finale of “Student Energy Challenge” competition was conducted on the 5th-6th of October in 2023 year in Astana at the XV Eurasian Forum KAZENERGY in the Congress Center EXPO with the involvement of 15 finalist teams from the following cities: Astana, Almaty, Aktau, Atyrau, Karaganda and Taraz.

The order of teams’ performance in the finals was determined prior to the finals itself in the online format. During this event captains and members of the finalist teams were explained about organizational and other issues of the finals.



**«Student Energy Challenge 2023» байқауы VII маусымының
финалист-командалары/
Season VII finalist team of “Student Energy Challenge 2023”**



«Festival»

Yessenov University, Ақтау қ.
Yessenov University, Aktau city



«Inspiroy»

Назарбаев университеті, Астана қ.
Nazarbayev University Astana city



«Energy Tech»

Назарбаев университеті, Астана қ.
Nazarbayev University Astana city



«Nanomech»,

Назарбаев университеті, Астана қ.
Nazarbayev University Astana city



«Алға»

ХИТУ, Алматы қ.
IITU, Almaty city



«CleanV»

ҚБТУ, Алматы қ.
KBTU, Almaty city


Student Energy Challenge



«Дарын»,
ХИТУ, Алматы қ.
IITU, Almaty city



«I2»
Astana IT University, Астана қ.
Astana IT University, Astana city



«Ученые»
Дулати университеті, Тараз қ.
Dulaty University, Taraz city




«SavOilSpill»
Karaganda Buketov University, Қарағанды қ.
Karaganda Buketov University, Karagandy city



«Young Innovators»
ҚБТУ, Алматы қ.
KBTU, Almaty city



«Nova Team»
Astana IT University, Астана қ.
Astana IT University, Astana city



«The green catalyst»
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.
Al-Farabi KazNU, Almaty city



«Dream team»
С.Өтебаев ат. АТМГУ, Атырау қ.
AUOG, Atyrau city



Team "No Rival"
Нархоз университеті, Алматы қ.
Narkhoz University, Almaty city

Байқау финалында командалардың өнер көрсету тәртібі

1. «Nanomech», NU, Астана қ.
2. «CleanV», КБТУ, Алматы қ.
3. «Алға», МИТУ, Алматы қ.
4. «I2», Astana IT University, Астана қ.
5. «The green catalyst», КазНУ им. аль-Фараби, Алматы қ.
6. «Inspiroy», NU, Астана қ.
7. «SaveOilSpill», Karaganda Buketov University, Караганды қ.
8. «NovaTeam», Astana IT University, Астана қ.
9. «No Rival», Университет Нархоз, Алматы қ.
10. «УЧЕНЫЕ», Dulary University, Тараз қ.
11. «Festival», Yessenov University, Актау қ.
12. «Energy Tech», NU, Астана қ.
13. «Young Innovators», КБТУ, Алматы қ.
14. «Dream team», АУНГ им. С.Утебаева. Атырау қ.
15. «Дарын», МИТУ, Алматы қ.



Байқау финалын өткізудің бірінші күні командалар өздерінің жобалық жұмыстарын Байқаудың қазылар алқасының алдында таныстырды және қорғады, оның құрамына Байқау демеушісінің өкілдері, сондай-ақ энергетика, экология және т.б. салалардағы тәжірибелі және жетекші сарапшылар кірді. Командалардың сөз сөйлеу регламенті 20 минутты құрады, оның ішінде қазылар алқасы мүшелерінің сұрақтарына жауап беру де бар.

On the first day of the Competition finals, teams presented and defended their project works before the competition jury, which included representatives of the Competition Sponsor, as well as experienced and leading experts in the energy, environmental and other sectors. The presentation time limit for teams totaled 20 minutes, including answers to questions from the jury members.



Байқау финалының модераторлары/ Moderators of the Competition Finale



Виктория Толымбекова
«KAZENERGY» қауымдастығы

Victoria Tolymbekova
“KAZENERGY” Association



Мақсат Дуйсенбаев
«Шелл Қазақстан» компаниясы

Maqsat Duisenbayev
“Shell Kazakhstan” Company

«Student Energy Challenge 2023» байқауының қазылар алқасының құрамы/ Jury of the “Student Energy Challenge 2023” Competition




Айгуль Барменкулова

«Шелл Қазақстан» корпоративтік байланыстар жөніндегі
басшысы, қазылар алқасының төрағасы

Aigul Barmenkulova

Shell Kazakhstan Head of Corporate Relations
Chairman of the Jury



Иво Верштрален

«Шелл Қазақстан» компаниясы, Қазақстандағы
кен орындарын игеру жөніндегі бас менеджер

Ivo Verstralen

Shell Kazakhstan GM Development and Subsurface



Рустем Кабжанов

«ECOJER» қауымдастығының
бас директоры

Rustem Kabzhanov

General Director of the Kazakhstan
Association of Regional
Environmental Initiatives «ECOJER»



Соспанова Айнур

«Qazaq Green» ЖЭК» қауымдастығының
басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің
мүшесі, «Smart Volt» компаниясының
бас директоры

Ainur Sospanova

Chairman of the Management Board,
member of the Board of Directors of the «RES
Qazaq Green» Association, General Director of
«Smart Volt» Company



Дамир Нарынбаев

«KAZENERGY» қауымдастығының
атқарушы директоры

Damir Narynbayev

Executive Director of the
«KAZENERGY» Association



2017 жылдан бастап бірлескен жоба

Joint project since 2017

**«Student Energy Challenge 2023»
байқауы 7 маусымының финалист командаларына
арналған сәттілік тілеу сөздері**

**Parting words to finalists of the 7th season of the
“Student Energy Challenge 2023”
competition**



Энергетиканың болашағы сіздерге байланысты. Сіздер климат әлемінде кездесетін мәселелермен айналысып жүрсіздер. Сіздерсіз біз басқа болашақты құра алмаймыз. Міне, сондықтан да бұл оқиға өте маңызды. Бұл жобаларда жұмыс істеу сіздерге белгілі бір құзыреттерді береді. Сіздер басқа өз жобаларыңызда инновациялық дағдыларды қолдана аласыздар. Жоба барысында үйренгендеріңіз тек өз командаларыңызға ғана емес, басқа командалармен де ынтымақтастықта болуға мүмкіндік береді. Басқа командаларға бәсекелес ретінде емес, дос, әріптес ретінде қарау керек деп айтқым келеді. Мұндай іс-шаралар көп нәрсені үйретеді. Сіздер қобалжымай, өз идеяларыңызды қызықты әрітартымды етіп ұсынуларыңыз керек. Барлықтарыңызға сәттілік тілеймін!



Бүгінгі байқауда ғана емес, өмірде де табыс тілеймін. Мүмкін, ең бастысы, егер адам өзін-өзі танып, өз мақсатын тауып, ынта-жігерімен кәсіби түрде дамып, өмір сүрсе, зор бақыт деген осы шығар. Нәтижесі қандай болмасын, әрқайсыларыңыз бүгін осы Байқаудың есігінен шығып, «Бәрі бекер болған жоқ» деп айтқандарыңызды қалаймын. Сіздерге бүгін шынайылық, сезімталдық пен істеп жатқан іске деген сенімдеріңіз көмек болар. Баршаңызға осыны тілеймін! Жүзден жүйрік озып шығып, жеңімпаз атансын! Рахмет!

The entire future of the energy industry depends on your efforts. You are involved in the climate challenges that the world is currently facing. We will never be able to build a brighter future without you. That's why it is a very important event. Being involved in these projects gives you certain competencies. There are innovative skills you can apply to your next projects. Everything you learned in the project enables you collaborating in a group of teams, and not only in your team, albeit with other teams as well. I also would like to say that you shouldn't have to be competitive in other teams, but you should really see your friends and colleagues in them. This kind of events gives you a learning experience. It is important for you to be confident, be interesting and exciting in presenting your ideas. I would like to wish you all the best of luck!

Иво Верштрален

«Шелл Қазақстан» компаниясы, Қазақстандағы кен орындарын игеру жөніндегі бас менеджер

Ivo Verstralen

Shell Kazakhstan GM Development and Subsurface

My best wishes for success not only in today's Competition, but also in everyday life. It is probably the most important thing that a person finds his or her potential and develops professionally and passionately, which is a major happiness. I would like each of you to be able to say: «Everything was not in vain». The sincerity, emotionality and faith in what you are doing will help you today. I would like to wish you all this, and let the best person be the winner!

Айнур Соспанова

«Qazaq Green» ЖЭЖ қауымдастығының басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі, «Smart Volt» компаниясының бас директоры

Ainur Sospanova

Chairman of the Management Board, member of the Board of Directors of the "RES Qazaq Green" Association, General Director of "Smart Volt" Company



Тұрақты дамудың, «жасыл» жобалардың не екенін түсіну үшін мамандығы бойынша эколог болу міндетті емес. Ең бастысы – адамгершілігі мол, жанашыр әрі оны жақсартуға қатыса алатын адам болу. Мен көптеген жобалардың экологиямен, көбінің жаңартылатын энергия көздерімен және Қазақстанға барлық мәселелер бойынша жақсаруға және экономикамыздың дамуына көмектесуге тиіс басқа да нәрселермен байланысты екенін білемін. Сондықтан сіздердің барлық жобаларыңызға сәттілік тілеймін!

It is not necessary to be an ecologist by profession and understand what sustainable development and green projects are. The most important thing is to be a person at heart who is rooting for this and can take part in life in this regard. I know that many projects are related to the environment, many are related to renewable energy sources and other things that should help Kazakhstan become better on all issues and help our economy develop. Therefore, good luck to you in all your projects!

Рустем Кабжанов

«ECOJER» Қазақстандық өңірлік экологиялық бастамалар қауымдастығының бас директоры

Rustem Kabzhanov

General Director of the Kazakhstan Association of Regional Environmental Initiatives “ECOJER”



Қайырлы күн, құрметті қатысушылар, баршаңызға жалынды сәлем жолдаймын! Мен екі жылдан бері «Student Energy Challenge» байқауына қазылар алқасы ретінде қатысып келемін. Командалар өте қызықты жобаларды ұсынады. Студенттердің осы байқауға дайындалып жатқанын білемін, көп жұмыстар атқарылды. Ең бастысы, сіздер өз жобаларыңызды жариялаудан қорықпадыңыздар және оларды бастапқы – идея түрінде қалдырмадыңыздар. Сондықтан сіздерге сәттілік тілеймін. Жобаларыңыз болашақта іске асырылуына тілектеспін!

I am pleased to welcome you all! This is my second year participating as a jury member in the “Student Energy Challenge” competition, teams present very impressive projects. I have heard that students have been preparing for this competition; a considerable work was carried out. The most valuable thing is that you were not afraid to announce your projects and did not remain in their original form - in the form of an idea. For this reason, I wish you good luck. May your projects be realized in the future!

Дамир Нарынбаев

«KAZENERGY» қауымдастығының атқарушы директоры

Damir Narynbayev

Executive Director of the “KAZENERGY” Association

«Student Energy Challenge 2023» байқауының финалында командалардың сөз сөйлеуі/

Teams' Presentation in the Finale of the "Student Energy Challenge"



NAZARBAYEV
UNIVERSITY

1. «Nanomech» командасы

Назарбаев Университеті, Астана қ.

Жоба тақырыбы: «Трибоэлектрлік наногенератор негізінде төмен жылдамдықты жел энергиясын жинау (ТЭНГ)»

Команда капитаны: Жасұлан Әсенұлы Тұрар

Команда мүшесі: Мерей Нұрділдақызы Сембай

Team "Nanomech"

Nazarbayev University, Astana city

Project Team: "Low-speed wind energy collection based on triboelectric nanogenerator (TENG)"

Team captain: Turar Zhasulan Asenuly

Team member: Sembay Mery Nurdildakyzy



2. «CleanV» командасы

ҚБТУ, Алматы қ.

Жоба тақырыбы: «Clean Vision: Тұрақты экологияға арналған инновациялық технологиялар»

Команда капитаны: Аяна Самархановна Баймуханова

Команда мүшесі: Еркебұлан Асылбекұлы Құсым

"CleanV" team

KBTU, Almaty city

Project theme: "Clean Vision: innovative technologies for environment sustainability"

Team captain: Baimukhanova Ayana Samarkhanovna

Team member: Kusym Yerkebulan Asylbekuly



3. «Алға» командасы

Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті, Алматы қ.

Жоба тақырыбы: «Дәнді дақылдарды залалсыз жинау әдістерін жетілдіру»

Команда капитаны: Жансая Нұралықызы Орынбасар

Команда мүшелері: Дана Нұрланқызы Нұрлан,
Әділ Алмазұлы Өтеген

Team “Alga”

International Engineering and Technological University,
Almaty city

Project topic: “Improvement of methods of loss-free harvesting of grain crops”

Team captain: Orynbasar Zhansaya Nuralkyzi

Team members: Nurlan Dana Nurlankyzy, Otegen Adil Almazuly



4. «I2» командасы

Astana IT University, Астана қ.

Жоба тақырыбы: «Терең нейрондық желісі бар ПҰА-мен жоғары вольтты сымдардың/оқшаулағыштардың күйін ИК-мониторингтеу»

Команда капитаны: Надежда Жасұланқызы Сағадатова

Команда мүшелері: Бекназар Хамитұлы,
Даяна Мейрамовна Касенова, Ақжан Самалұлы Қалиматов

Team “I2”

Astana IT University, Astana city

Project topic: “Infrared monitoring of the state of high-voltage wires/ insulators from a UAV with deep neural network”

Team captain: Sagadatova Nadezhda Zhasulankyzy

Team members: Khamituly Beknazar, Kasenova Dayana Meiramovna,
Kalimatov Akzhan Samaluly

«Student Energy Challenge 2023» байқауының финалында командалардың сөз сөйлеуі/

Teams' Presentation in the Finale of the "Student Energy Challenge"



5. «The green catalyst» командасы

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Жоба тақырыбы: «Жаңартылатын энергияны пайдаланып көміртек диоксидін электрохимиялық тотықсыздандыру»

Команда капитаны: Айжан Қайратқызы Қойшыбекова

Команда мүшесі: Олжас Қырғызалыұлы Құдайберген

«The green catalyst» team

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty city

Project topic: "Electrochemical reduction of carbon dioxide using renewable energy"

Team captain: Koyshybekova Aizhan Kairatkyzy

Team member: Kudaiberген Olzhas Kyrgyzalyuly



NAZARBAYEV
UNIVERSITY

6. Команда «Inspiroy»

Назарбаев Университет, г. Астана

